- ♦ келтірілген беделді Scopus ғылыми басылымдарындағы оқытушылардың жарияланған мақалалар саны;
- ♦ Ғылыми қызметке тартылған студенттердің ҒЗЖ даму динамикасы мен олардың саны;
- ♦ мақсатты гранттар бойынша магистратураға және докторантураға түскен ПОҚ пен студенттер саны;
- ♦ Халықаралық ғылыми қоғамдастықта, Қазақстан Республикасының өңірлерінде профессор-оқытушылар құрамы мен институт қызметкерлерінің ғылыми - зерттеу жұмыс нәтижелерінің бәсекеге қабілеттілігі мен қажеттілік деңгейі;
- ♦ Республикалық пен аймақтық ғылыми, оқу - ғылыми және ғылыми-әдістемелік сайыстар мен бағдарламалар шеңберіндегі өтінімдер саны;
- ♦ Аймақтың экономикалық және әлеуметтік кеңістігінде институт ғылымның интеграция дәрежесі;

### 3.4 Сапаны басқару

Жақсы нәтижелі сапаға тек қана жақсы сапалы білім беру үдерсінде қол жеткізуге болады ол бір жағынан оның мазмұндылығымен, ал екінші жағынан - оның материалдық-техникалық, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз етілген ресурстарымен анықталады. Сол кезде жоғары сапалы білім беру үдерісі барлық деңгейлерде басқару менеджмент сапасымен бірге жоо-ның бүкіл жүйесі сапалы жұмыс істеген жағдайда ғана қамтамасыз етілуі мүмкін.

|                                                                                   |                                                                |          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|
|  | <b>РУКОВОДСТВО ПО ВНУТРЕННЕЙ СИСТЕМЕ<br/>ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА</b> | 13 из 54 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|

АрқМПИ миссиясын және саясатын іске асыру мақсатында жыл сайын барлық құрылымдық бөлімшелерде арнайы есептер әзірленеді.

Қызметкерлердің тартылу деңгейін арттыру және жаңадан қабылданған қызметкерлерге кадрлық жұмыс бөлімінің сапа саясат принциптерін түсіндіруді қамтамасыз ету үшін жыл сайын бірлесіп «АрқМПИ сапа кепілдіктері жүйесі» бойынша курстар өткізеді.

Тұтынушылардың қанағаттану деңгейін анықтау (сыртқы және ішкі) үшін жыл сайын тұтынушылардың барлық топтарына сауалнама ұйымдастырылады және өткізіледі: жұмыс берушілер, студенттер, оқытушылар мен институт қызметкерлері. Сұрақ үшін қолданылатын сауалнама 2 Қосымшада келтірілген. Сонымен қатар тұтынушылардың қанағаттандыру туралы деректер мен ақпарат жинау әдістерінен басқа, сұхбат, ұсыныстар мен пікірлер жәшіктері, жоғары басшылықтың тұтынушылармен сұхбаты, пошта және факсимильдік байланыспен жіберілетін сұраулар болып табылады. Жоғары оқу орнының қызметі туралы ата-аналардың, студенттердің, түлектердің пікірлерімен бірге тұтынушының тікелей қанағаттану және қанағаттанбауын білдіретін ұсыныстар мен тілектер, сондай-ақ тұтынушымен кері байланыс бойынша сұратылмайтын басқа да ақпарат сапа бойынша менеджермен өңделеді және жиналады. Сонымен қатар, сыртқы тұтынушының қанағаттану бойынша деректер көзі республикалық және облыстық ауқымдағы баспасөздегі пікірлер, марапаттар мен құрметтеу, Білім Министрлігіндегі жоғары оқу орнының рейтингі, нарықтағы үлес болып табылады.

Жоғары оқу орнында әрдайым өткізілетін аудит жоспары жүзеге асырылады. Қазақстандық сапа ұйымдарында лицензиялық курсынан «Сапа менеджменті жүйесіндегі ішкі аудит» бағдарламасы бойынша сырттай оқудан өткен ішкі аудиторлардың топтары құрылды. Аудит нәтижелері басшылықпен талданып, соның негізінде білім беру, ғылыми және шаруашылық қызметі жақсарту бойынша тиісті түзету және ескерту әрекеттері қолданылады. Ішкі аудиттен басқа, сондай-ақ Ғылыми Кеңесте, ректоратта бекітілген комиссия бойынша ЖОО қызметінің жекелеген бағыттарына тексерулер жүргізіледі.

Ұсынылған білім беру қызметтерінің сапасын басқару білім беру мониторинг нәтижесі негізінде барлық деңгейлердегі басқару шешімдерін қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Білім беру мониторингі білім беру сапасын сырттай және ішкі бағалау әдістерімен жүргізіледі.

Білім сапасын сырттай бағалау лицензиялауды, мемлекеттік аттестаттауды, институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуді, ұлттық бірыңғай тестілеуді, мемлекеттік аралық бақылауды, сондай-ақ білім беру ұйымдарының процедурларын саралауды қамтиды. Білім беру сапасын ішкі бағалау сапа менеджмент жүйесін, өзін-өзі бағалаудың әртүрлі рәсімдерін, жоо-ның барлық қызмет түрлерін қамтиды. Сонымен қатар институтта сапасын бақылау субъектілерінің әрқайсысының құқықтары мен міндеттері көрсетілген, оқыту сапасын бағалаудың әрбір деңгейдегі және кезеңдегі әдістемесі әзірленді.

Стратегиялық мақсаттарды іске асыра отырып және тұтас жүйесі ретінде АрқМПИ өзара байланысты үдерістерін басқара отырып, институт басшылығы деректер мен шынайы ақпараттарды талдауға негізделген мониторинг сапасы арқылы өз қызметін әрдайым жақсартуға ұмтылады.

Ішкі жүйедегі сапа кепілдігі бойынша барлық ақпаратты жинақтайтын негізгі құжат ол жыл сайын университеттің Ғылым кеңесінде талқыланатын жоғарғы басшылық тарапынан сапа менеджменті жүйесінің атқаратын жұмысын талдау болып табылады.

|                                                                                   |                                                                |          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|
|  | <b>РУКОВОДСТВО ПО ВНУТРЕННЕЙ СИСТЕМЕ<br/>ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА</b> | 14 из 54 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|

#### 4. ІШКІ САПА КЕПІЛДІГ ЖҮЙЕСІН БАҒАЛАУ

**Сапа кепілдігі жүйесінің мақсаты** АрқМПИ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуі мен миссиясын іске асыру, барлық мүдделі тараптардың сұрауларын қанағаттандыру мақсатында тұрақты қызметін жетілдіруге бағытталған менеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, тиімді жұмыс істеу және эволюциялық дамыту болып табылады.

##### 4.1 Бағалау түрлері

Ішкі жүйедегі сапа кепілдігі бойынша барлық ақпаратты жинақтайтын негізгі құжат ол жыл сайын университеттің Ғылым кеңесінде талқыланатын жоғарғы басшылық тарапынан сапа менеджменті жүйесінің атқаратын жұмысын талдау болып табылады.

Талдау құжатталған ішкі ережелерге сәйкес жүргізіледі және мыналарды қамтиды:

- ♦ сапасы бойынша мақсаттарды институт деңгейінде де, жекелеген бөлімшелерде де орындау;
- ♦ тұтынушылардың (студенттер, оқытушылар, жұмыс берушілер) қанағаттануын талдау;
- ♦ ғылыми-білім беру қызметінің негізгі үрдістерінің нәтижелілігін бағалау;
- ♦ қолдаушы үрдістерінің нәтижелілігін бағалау;
- ♦ жоғары менеджмент үрдістерінің нәтижелілігін бағалау;
- ♦ ішкі аудит нәтижелерін талдау;
- ♦ түзету және ескерту әрекеттерінің нәтижелілігін талдау;
- ♦ АрқМПИ сенім поштасының пікірлер мен ұсыныстарын талдау;
- ♦ АрқМПИ қызметінің өзін-өзі бағалау нәтижелері.

##### 4.2 Әкімшілік, оқу-көмекші және профессор-оқытушылар құрамын тарту

Бастықтарынан бастап жоо қызметкерлері қазіргі таңда кездесетін, сондай-ақ болашақта туындауы мүмкін талаптарды біледі және түсінеді. Олар бұл талаптарды орындауға және клиенттердің ойларынан шығуға ұмтылады. Жоо-да Ректорат пен Ғылыми кеңес мамандарды даярлау мен білім беру қызметінің сапа менеджменті жүйесін дамыту міндеттері мен бағыттарында қызметкерлер мен студенттердің ауыз бірлігін сақтауды қалайды және осы негізінде стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу процесіне толық тартылған қызметкерлер мен студенттерге мүмкіндік беретін ішкі корпоративтік мәдениет және басқару орталығын қалыптастырады.

Жоо-ның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша жұмысқа студенттер мен қызметкерлерді белсенді тарту басшылыққа іргелі ұжымды қалыптастыруға және мамандарды даярлау және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мен қамтамасыз ету үшін қызметкерлер мен студенттердің интеллектуалды әлеуеті барынша пайдалануға мүмкіндік береді. Білім беру процестерін сәйкестендіру, оларды сапа саласында стратегиялық мақсаттарға қол жеткізген кезде жоо-ның қызметінің нәтижелілігін және тиімділігін артыруды қамтамасыз етудің бірыңғай жүйесі ретінде түсіну және басқару.

Білім беру қызметі мен ғылыми зерттеулердің сапасын басқару бойынша барлық білім, ғылым және әкімшілік қызмет деңгейдегі жоғары оқу орны қызметкерлерінің жеке жауапкершілігі бөлімшелер туралы ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарды әзірлеу арқылы бекітіледі. Институтта кәсіби нормалар мен этиканы қамтамасыз ету саясаты мен тәртібі орнатылған. Ар-намыс кодексі қызметкер мен оқытушылардың кәсіби нормаларын және этикасын, ішкі еңбек тәртіп ережесін сақтауды міндеттейді.

Институттың корпоративтік мәдениеті оның құрылу тарихынан бастап өзгертілді және қалыптасты.

|                                                                                   |                                                                |          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|
|  | <b>РУКОВОДСТВО ПО ВНУТРЕННЕЙ СИСТЕМЕ<br/>ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА</b> | 15 из 54 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|

Ол институтта қалыптасқан салт-дәстүрлерге, оның мәдени және білім беру ортасына, көптеген сыртқы және ішкі факторларына негізделген. Институттың корпоративтік мәдениет көздері оның қызметкерлері болып табылады, сондықтан бүгінгі күні қайта қалыптасқан табысты корпоративтік мәдениет ең алдымен персоналды басқарудың тиімді жүйесін құруды талап етеді, бұл құрылымдық қайта құру қажетілігіне әкелуі мүмкін.

Корпоративтік мәдениетті өсіру процесі, институтішілік ортада таза, шығармашылық климатты қалыптастыру, олар келесі элементтерден тұрады:

- институтта қалыптасқан корпоративтік мәдениетті алқалы түрде (Ғылыми кеңесте, ректоратта) қабылданатын шешімдерімен, басшылықтың стилімен, салт-дәстүрімен туылған сипатын, оң және теріс элементтерін зерттеу;
- қызметкерлер мен студенттердің көбі корпоративтік мәдениеттің базалық элементтерін және институттың сыртқы ортадағы өзгертілген шарттарына сәйкес қайта жасау қажетілігін ұғыну, меңгеру және бөлу;
- институттың зияткерлік және кадрлық әлеуетімен басқару жүйесін құру.
- студенттердің оқыту мен тәрбиелеу мәдениетін дамыту;
- ғылыми зерттеулер мәдениетін дамыту;
- оқу процесінің және ғылыми зерттеулердің қызмет көрсету мәдениетін дамыту;
- институт қызметкерлері мен студенттерінің салауатты өмір салты және мінез-құлық мәдениетін жетілдіру;
- институт ұжымында әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастарды өзгерту және жетілдіру;
  - институттың материалдық, интеллектуалдық, рухани құндылықтарына, оларды сатып алу, пайдалану және жаңғыртылуына ұжымның қатынасын өзгерту;
  - институт ішінде өзгерген ережелерге бәсекелестік ортада ұжымның қарым-қатынасын қалыптастыру;
  - институттың корпоративтік мәдениетіне сай ұйымдық құрылымын және оны басқару әдістерін құру;
  - ғылыми зерттеулердің, білім беру қызметінің және мамандарды дайындаудың тұрақты дамып келе жатқан сапа менеджменті жүйесі;
  - мамандарды даярлаудың процесінің тұрақты мониторингі, проблемалық жағдайлар уақтылы анықтау және тиісті басқарушылық шешімдер мен түзету іс-шараларының әзірлемесі;
  - жоо мамандарын даярлау және білім беру қызметінің сапа менеджменті жүйесін үздіксіз жетілдіру қағидатын іске асыру;
- сапалы жұмыс істеу үшін жоо барлық қызметкерлері мен студенттерінің мотивация жүйесі. Институтта оқытушылар мен қызметкерлерді жоғары педагогикалық шеберлігі, ғылыми нәтиже мен өз ісіне деген адалдығы үшін ынталандыру жүйесі әрекет етеді, онда қорытындылау нәтижелері бойынша жыл соңында «Жыл әдіскері», «Үздік оқытушы» атағы беріледі;
- білім беру қызметінің аймақтық нарығында жоғары оқу орнының беделі.

институттың сыртқы қызметінің бағалау көрсеткіштері бойынша алдыңғы қатарға тырыса отырып, институт басшылығы ұсынылатын қызметтердің сапасын бағалаудың ішкі жүйесіне де ерекше көңіл бөлуде. Институт қызметкерлеріне сауалнама түрінде әлеуметтік зерттеу жүргізіледі:

- ♦ жоғары оқу орнына ПОҚ-тың қанағаттануы (Қосымша 2);
- ♦ жоо-да ҒЗЖ ұйымына ПОҚ-тың қанағаттануы (Қосымша 2);
- ♦ «АрқМПИ-дағы корпоративтік мәдениеті» (Қосымша 2);
- ♦ «Бос орындар жәрмеңкесін» ұйымдастыруды бағалау.

мамандарды даярлау мен білім беру қызметінің сапасы менеджменті жүйесінің стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыруға барлық бөлімшелердің қызметкерлері мен студенттерін тарту жоо корпоративтік менеджментінің құралдарын және әдістерінің негізін құрайды.

|                                                                                   |                                                                |          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|
|  | <b>РУКОВОДСТВО ПО ВНУТРЕННЕЙ СИСТЕМЕ<br/>ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА</b> | 16 из 54 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|

### 4.3 Студенттер мен түлектерді тарту

Институтта білім сапасының ішкі мониторинг жүйесі айқын құрылған: студент, мамандық, курс, факультет.

Институт студенттерге білім беру бағдарламаларын игеруде жәрдем көрсетеді:

АрқМПИ студенттері таңдалған кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеру мақсатында жыл сайын жеке оқу жоспарын қалыптастырады;

- ♦ институтта студенттерге қолдау көрсететін қажетті қызметтің барлығы орналасқан: деканаттар, тіркеу бөлімі, ақпараттық - кітапхана кешені, тілдік кешені; оқу үрдісін мультимедиялық қамсыздандыру бөлімі; ағылшын тілінің лингвфонды - мультимедиялық кабинеті; конференц-зал; құрамыны 7 орталық кіретін психологиялық-педагогикалық кешен—өзін-өзі тану орталығы, психодиагностика және түзету орталығы, «Дарын» орталығы, этнопедагогика және этнопсихология орталығы, педагогикалық шеберлік пен озық тәжірибе орталығы, «Мәңгілік Ел» Оқу – тәрбие курс орталығы, «БАЛДЫРҒАН» баланы дамыту зертханасы; жаратылыстану мұражайы, Ы. Алтынсарин атындағы мұражай, заманауи зертханалар: аналитикалық, физикалық және коллоидтық химия, бейорганикалық химия және химиялық технология, органикалық және биологиялық химия, спорттық-сауықтыру кешені, медициналық пункт, редакциялық-баспа бөлімі, көркемдік-безендіру шеберханасы, мультимедиялық студия, асхана, интернет-кафе;

- ♦ студенттермен игерілген білім беру бағдарламасының сапасы белгіленген критерийлерге сәйкес институттың тиісті қызметтерімен жүйелі түрде бағаланады, олар жөнінде студенттер міндетті түрде ақпараттандырылады;

- ♦ институтта тәрбие жұмысына функционалдық жауапты үйлескен әкімшілік құрылымы құрылды;

- ♦ оқудан тыс студенттерді ынталандыру және қаржыландыру механизмі жұмыс істейді;

- ♦ білім алушылардың патриоттық, рухани және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жүйесі құрылды; студенттерді тұлғалық дамыту және тәрбиелеу үшін жағдай жасалған;

- ♦ студенттік өзін-өзі басқару органдары белсенді түрде жұмыс істейді;

- ♦ институттың белсенді студенттері, оқу озаттары институт Ғылыми кеңесінің мүшелері болып табылады.

АрқМПИ өз миссиясын білім беру мен ғылыми қызметте ғана емес, сондай-ақ этикалық, адамгершілік нормалар мен құндылықтарды дамытуда да байқауда. АрқМПИ миссиясында студенттер мен қызметкерлердің тұлғалық дамуына бас назар аударылуда.

Институтта сапа мәдениетін қалыптастыру үшін қабылданған және әрекет етеді:

- ♦ Оқытушылар мен қызметкерлердің қызметтік этика кодексі;

- ♦ Студенттердің ар-намыс кодексі;

- ♦ Кітапхана Корпоративтік кодексі;

- ♦ Ішкі еңбек тәртібінің ережелері;

- ♦ Көптілді мамандарды даярлау бағдарламасы;

- ♦ Студенттер театры туралы ереже

- ♦ «Наз» клубының қыздары туралы ереже

- ♦ Тәлімгерлер Кеңесі туралы ереже;

- ♦ «Жыл студенті» ережесі;

- ♦ Тәлімгерлер және басқалар туралы туралы ереже.

Институтта жоо дәстүрлерін қолдау және дамыту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Логотипі әзірленді, студенттерді қабылдауда және басқа да іс-шаралар кезінде орындалатын институт әнұранын жазу жоспарлануда.

Ұсынылатын білім қызмет сапасының өсуін қамтамасыз ету мақсатында студенттердің оқу сапасына, оқу шарттарына, жатақханада тұру жағдайларына қанағаттану деңгейі бойынша жүйелі түрде сауалнама жүргізіледі. Қосымша 2 ұсынылған сауалнама түрлері төмендегідей:

|                                                                                   |                                                                |          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|
|  | <b>РУКОВОДСТВО ПО ВНУТРЕННЕЙ СИСТЕМЕ<br/>ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА</b> | 17 из 54 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|

- ♦ «Оқытушы студенттер көзімен»;
- ♦ «Студенттердің білім қызметтерінің сапасына қанағаттанушылығы»;
- ♦ «Студенттердің жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу жұмысын қанағаттанушылығы»;
- ♦ «Студенттердің жатақханада тұру жағдайына қанағаттанушылығы»;
- ♦ «Студенттердің көрсетілетін қолдауларға қанағаттанушылығы»;
- ♦ «Студенттердің тұлғалық дамуына және студенттерді тәрбиелеуге құрылған жағдайларға қанағаттанушылығы»;
- ♦ «Институт оқырмандарының қажеттіліктерін зерделеу және кітапханалық қызмет көрсетуі бойынша әлеуметтік зерттеу»;
- ♦ Студенттердің жұмысқа орналастыру бойынша жүргізілетін шебер-сынып жұмыстарына қанағаттанушылығы;
- ♦ АрқМПИ студенттерінің салауатты өмір салты.

Тәрбие жұмыстары бойынша басқармамен сауалнамалары талданады және ректорға, проректорға, факультет декандары мен бөлім басшыларына танысуға беріледі. Сауалнама нәтижелерін және тұтынушылардың қанағаттануын жақсарту бойынша іс шаралар жоспары ректорат мәжілісінде қаралады.

Студенттердің шағымы мазмұнына байланысты жастар ісі жөніндегі комитет, деканаттар, офис - тіркеуші және т. б. бөлімдермен қаралады. Жауапқа қанағаттанбаған жағдайда олар ЖОО ректоры және проректормен қаралады. Институт басшылығы студенттерімен әрдайым кездесулер өткізеді, онда олардың мәселелерін талқыланады.

Студенттік жастарды тәрбиелеу мәселесінің жүйелік тәсілдеріне сәйкес институттың тәрбиелік қызметін іске асыру жоо-ның оқудан тыс тәрбие жұмыстары және оқу қызметімен бірлесе жүзеге асырылады.

Институттағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде студенттердің жеке тұлғасын қалыптастыруда өзіндік тұлғалық стратегияны құрастыру мен ұйымдастыру арқылы өзіндік дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

АрқМПИ-да студенттік өзін-өзі басқару субъектілері институт деңгейіндегі өзін-өзі басқару Кеңесі, студенттік деканат, кафедралар ішіндегі старсты, жатақханадағы студенттік кеңес, студенттік ғылыми үйірмелер (CFY), М.Дулатов атындағы шығармашылық бірлестік, педагогикалық отряд, студенттік кәсіподақ комитеті, әр түрлі әдеби клубтары, «Жас Отан» жастар қанаты және т. б. үйірмелер атынан шығады.

Студенттік жастар тәрбиесінде маңызды рөлді институт тәлімгерлері атқарады. АрқМПИ-ның барлық академиялық топтарына профессор-оқытушылар құрамы арасынан тәлімгерлер бекітілген. Тәлімгерлердің қызметін ұйымдастыруға институттағы студенттің барлық оқу кезеңіне есептелген «Тәлімгер күнделігі» көмектеседі. Институттың тәлімгерлік корпусының жұмысын тәрбие жұмыстары жөніндегі басқарма үйлестіреді.

Студенттік топтарда оқу және қоғамдық өмірін ұйымдастыруға, институт факультеттеріндегі тәрбие жұмысының сапасын арттыруға, топ кураторларының қызметіне ынталандыруға институтта «Жыл тәлімгері» атағына байқау өткізу дәстүрге айналды, әдетте бұл атақтың лауреаттары институттың үздік академиялық топтарының тәлімгерлері болып келеді.

Студенттік өзін-өзі басқарудың жаңа түрлерінің бірі институт студенттерінің өзін-өзі басқару Кеңесінің жұмысына қатысу болып табылады. Студенттік Кеңес құрамына барлық факультеттердің белсенділері кіреді. Институтта 10-нан астам студенттік бірлестіктер, театрлар, спорттық команда және басқа да студенттік ұйымдар бар.

Студенттер қоғамдық бірлестіктердің, жастар ұйымдарының жұмысына белсене араласады, түлектер қауымдастықтармен бірге жұмыс істейді, оқу озаттары жоо-ның Ғылыми кеңесінің мүшелері болуға және студенттердің мүдделерін ұсынуға мүмкіндіктері бар.

|                                                                                   |                                                                |          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|
|  | <b>РУКОВОДСТВО ПО ВНУТРЕННЕЙ СИСТЕМЕ<br/>ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА</b> | 18 из 54 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|

### 4.3 Мүдделі топтарды тарту

Институт басшылығы АрқМПИ миссиясы, мақсаттары мен міндеттері туралы ақпарат тек жоо-ның академиялық қоғамдастығы мен студенттеріне ғана емес, сондай-ақ барлық мүдделі тұлғаларға қол жетімді болуы маңызды деп санайды. Сондықтан жоо аймақтық, республикалық және халықаралық бұқаралық ақпарат құралдардың назарында болуға тырысады. Жарияланымдардың талдау деректері жоо туралы ақпараттың көп бөлігі ресми республикалық және аймақтық басылымдар беттерінде пайда болатының көрсетіп отыр.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу барысында жұмыс берушілердің мүдделерін есепке алу мақсатында ЭПК-элективті пәндер каталогын қалыптастыруға потенциалды жұмыс берушілер, практика базаларының жетекшілері белсенді қатысады.

Сабақты өткізуде оқудың практикалық бағытын қамтамасыз ету мақсатында, жекелеген оқу курстарын әзірлеуге, дипломдық жұмыстарға жетекшілік етуге практикалық қызметкерлер тартылады.

Оқу-әдістемелік бөлімінің мамандарымен жоғары оқу орнының одан әрі дамыту міндеттерін анықтау мақсатында объективті және тәуелсіз ақпарат негізінде жұмыс берушілермен кері байланыс орнатуға мүмкіндік беретін сұрау және сауалнама түрінде түлектерді дайындау сапасының мониторингі жүргізіледі (сауалнама: «Жоғары оқу орнының мамандарын дайындау сапасына жұмыс берушілердің қанағаттанушылығы» Қосымша 2,).

Білім беру сапасы мен маңызын жақсарту, сондай-ақ әлеуметтік зерттеулер барысында анықталған проблемаларды шешу мақсатында, жоғары оқу орнымен бәсекеге қабілетті түлектің моделі әзірленуде, оның негізгі элементтері «Направления взаимодействия педагогического вуза и образовательных учреждений: проблемы и перспективы» атты дөңгелек үстел шеңберінде педагогикалық қоғамдастық өкілдерімен бірлесіп талқыланды.

Оқу жылы бойы институт кафедралары институттың корпоративтік серіктестері – жұмыс берушілердің қатысуымен дөңгелек үстелдер жүргізеді. Осыған төмендегідей іс-шаралар ықпал етеді:

- ♦ Қазіргі кезеңде педагогикалық еңбек нарығының даму үрдісі мен ахуалының объективті бағасын алу мақсатында жұмыс берушілермен студенттердің тікелей байланысын қамтамасыз ету.
- ♦ Жастарды жұмыспен қамтамасыз етудің өзекті мәселесіне жұмыс берушілердің назарын аудару.
- ♦ Жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша пікірлерді кеңінен талқылау.
- ♦ дағдарыс және дағдарыстан кейінгі даму кезеңдері жағдайында еңбек нарығындағы АрқМПИ түлектерінің бәсекеге қабілеттілік өлшемшарттарын анықтау.
- ♦ Ынтымақтастық туралы меморандумдар жасау.

Оқыту сапасының маңызды критериясы жоо-ны бітіргеннен кейін кәсіби қызметі үшін практикалық дағдысын, шеберлігі мен құзыреттілігін, теориялық білімін бекітуге бағытталған кәсіптік тәжірибе болып табылады. Қазіргі уақытта институт 300-ден астам тәжірибе өту базаларымен ұзақ мерзімді ынтымақтастық сипатындағы шарттар құрды. Қазіргі заман жағдайында маңызды міндеттер студенттің кәсіпорында алған жұмыс тәжірибесі ғана емес, сондай-ақ олардың мансапқа сатысын құру және өзін-өзі алға жылжыту технологияларын меңгеруі болып табылады. Бұл тұрғыда кәсіби тәжірибе студентке өзінің жұмысқа орналасу мәселесін шешуге жақсы мүмкіндігі ұсынады.

|                                                                                   |                                                                |          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|
|  | <b>РУКОВОДСТВО ПО ВНУТРЕННЕЙ СИСТЕМЕ<br/>ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА</b> | 19 из 54 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|

Түлектерді жұмысқа орналастыру кезінде ұжымының жұмыс нәтижелілігін артыруда институттың «ТЕМПУС» жобасына қатысуы үлкен рөлі атқарды. Жобаның негізгі міндеті жоғары оқу орны мен экономика арасындағы ынтымақтастықты оңтайландыру болғандықтан, бірінші және екінші топтағы тұтынушылар тұрғысынан «қоғам мен мемлекет» және «жұмыс берушілер» социологиялық зерттеулер нәтижелеріне көк қызығушылық танытады.

Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал ету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша тиімді жұмыстарды қамтамасыз ету үшін оқу-әдістемелік бөлімінің штаттық кестесінде жұмысқа орналастыру бойынша штат қарастырылған, оның негізгі қызметтері: өңірлік жұмыспен қамту органдарымен байланыста болу; бос жұмыс орындарына жиынтық деректерін құру және институт түлектерін жұмысқа орналастыру үшін ұсыныстар білдіру; институт бітірушілерінің мәліметтер базасын қалыптастыру; жұмысқа орналастыру бойынша жәрмеңке, конференция, дөңгелек үстел, әңгімелесу түрінде іс-шараларды ұйымдастыру; әріптестік байланыстар орнату; жұмысқа орналасқан түлектермен коммуникативтік орта құру; еңбек нарығында бітірушілердің сұранысы туралы нақты ақпарат алуға мүмкіндік беретін түлектерді жұмысқа орналастыру нәтижелерінің мониторингі.

Түлектерді жұмысқа орналастыруға ықпал ететін дәстүрлі іс-шараның бірі «Бос орындар жәрмеңкесі» болып табылады. Қаржы-экономикалық дағдарыс жалғасу жағдайындағы бұл іс-шара айрықша әлеуметтік маңыздылыққа ие болады.

«Бос орындар жәрмеңкесі» студенттерге төмендегідей мүмкіндік береді:

- ♦ мектеп өкілдерімен жеке байланыс орната алады;
- ♦ білім беру мекемелерінің өкіліне өз түйіндемесін қалдыра алады;
- ♦ жұмысқа орналасуға болатын обылыс және қалалық жалпы білім беру мектептері мен мекемелері туралы ақпарат алады;
- ♦ жалпы білім беру мектептері мен мекемелерінің басшыларының назары өзіне аударту және өзін жақсы жағынан таныта білуі.

Жұмысқа орналастыру бойынша жәрмеңке әлеуетті жұмыс берушілерге институттың қандай мамандарды ұсынып отырғанын, түлектерді қалай дайындағанын көруге мүмкіндік береді. Жұмыс берушілер ағымдағы жылдың түлектерінің түйіндемелерін алып және мүдделі кандидаттардың толық базасымен танысып, сұхбаттасып, жұмысқа орналастыру туралы алдын-ала келісім шарт жасауға мүмкіндігі бар. «Бос орындар жәрмеңкесі» - бұл студенттер үшін де, жұмыс берушілер үшін де педагогикалық қоғамдастықта бір-бірін табуға бірегей мүмкіндік.

Мектептер мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастық саласындағы институттың тағы да бір бағыттары АрқМПИІ түлектері Қауымдастығының жұмыс істеуі болып табылады, оның негізгі мақсаты түлектер арасындағы өзара іс-әрекетін дамытуға жәрдемдесу, әр түрлі жылдағы бітіруші түлектермен студенттердің байланысын нығайту, институтымыздың беделін арттыру және ұрпақтар сабақтастығын нығайту үшін мәдени, шығармашылық және іскерлік байланыстарды қолдау болып табылады.

## 5. ІШКІ САПА КЕПІЛДІГІ ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

Ішкі сапа кепілдігі жүйесін енгізу келесі тәртіптерді қамтиды:

- ☐ қолданыстағы сапа жүйесінің жай-күйін бағалау;
- ☐ сапа кепілдігі жүйесін ұйымдастыру бойынша басшылықтың әзірлемесі;
- ☐ ішкі сапа кепілдігі жүйесінің құжаттамасын өзектендіруді және талдау;
- ☐ жоо қызметкерлерін оқыту;
- ☐ өлшемшарттар мен сауалнама үлгісін әзірлеу;
- ☐ өзін-өзі бағалау туралы ережені әзірлеу;

|                                                                                   |                                                                |          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|
|  | <b>РУКОВОДСТВО ПО ВНУТРЕННЕЙ СИСТЕМЕ<br/>ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА</b> | 20 из 54 |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|----------|

- ☐ өзін-өзі бағалау үшін жұмыс тобын қалыптастыру;
- ☐ өзін-өзі бағалауды өзін-өзі бағалау туралы ережеге сәйкес өткізу;
- ☐ өзін-өзі бағалау нәтижелерін талдау;
- ☐ жоо-ның стратегиялық даму жоспарын түзету.

Өлшемдер, өзін-өзі бағалау және есептеу әдістемесін жүргізу тәртібі «өзін-өзі бағалау туралы ережеде» жазылған.

### 5.1 Ішкі сапа кепілдігі жүйесінің жоспарын енгізу

АрқМПИ ішкі сапа кепілдігінің жүйесін енгізу төмендегідей іс-шаралардың іске асырылуын қамтиды:

| №                                                         | Іс-шараның атауы                                                                                                                      | Өткізу мерзімі                                        | Жауапты                        |
|-----------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|--------------------------------|
| 1.                                                        | Бөлімшелер басшылары, оқытушылар мен студенттерге АрқМПИ ішкі сапа кепілдігі жүйесін басқарумен таныстыру арналған семинарлар өткізу. | қаңтар –наурыз<br>жаңа<br>қызметкерлерге<br>жыл сайын |                                |
| 2.                                                        | Ғылыми кеңес отырысында «Институттағы ішкі менеджмент жүйесі сапасының даму жағдайы мен келешегі» тақырыбындағы мәселені талқылау.    | Наурыз<br>2017                                        | Ректор                         |
| 3.                                                        | АрқМПИ сапа кепілдік жүйесінің ұйымдастыру бойынша басшылық әзірлеу                                                                   | Қыркүйек<br>2016                                      | Жетекшілік ететін<br>проректор |
| 4.                                                        | Өзін-өзі бағалау туралы Ереже әзірлеу                                                                                                 | Қазан<br>2016                                         | Жетекшілік ететін<br>проректор |
| Ішкі менеджмент жүйесі сапасының құжаттамасын өзектендіру |                                                                                                                                       |                                                       |                                |
| 4                                                         | Сапа бойынша мақсаттар<br>Сапа бойынша басшылық                                                                                       | Қыркүйек<br>2016                                      | Ректор                         |
| 5                                                         | Құжаттаманы басқарудың құжатталған процедурасы                                                                                        | Қазан 2016                                            |                                |
| 6                                                         | Жазбаларды басқару                                                                                                                    | Қазан 2016                                            | Сапа бойынша<br>менеджер       |
| 7                                                         | Сәйкес емес қызметті басқару                                                                                                          | Қазан<br>2016                                         | Сапа бойынша<br>менеджер       |
| 8                                                         | Түзету және алдын алу әрекеттері                                                                                                      | Қараша<br>2016                                        | Сапа бойынша<br>менеджер       |
| 9                                                         | Ішкі аудит өткізу тәртібі                                                                                                             | Қазан                                                 | Жетекшілік ететін<br>проректор |
| 10                                                        | Тұтынушының қанағаттануын талдау                                                                                                      | Қаңтар 2017                                           | Бөлімдер                       |
| 11                                                        | Тұрақты жақсарту                                                                                                                      | Наурыз2017                                            | Сапа бойынша<br>менеджер       |
| 12                                                        | Мониторинг және өлшеу                                                                                                                 | Ақпан 2017                                            | Сапа бойынша<br>менеджер       |
| 13                                                        | ДП басшылық тарапынан СМЖ талдау                                                                                                      | Сәуір 2017                                            | Жетекшілік ететін<br>проректор |
| 14                                                        | Меншікті түгендеу                                                                                                                     | Қаңтар2017                                            | Жетекшілік ететін<br>проректор |
| 15                                                        | Стратегиялық жоспарлау процесінің картасы                                                                                             | Ақпан 2017                                            | Жетекшілік ететін<br>проректор |

|                                                                                   |                                                                                                                             |                                                                |                                                  |          |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|----------|
|  |                                                                                                                             | <b>РУКОВОДСТВО ПО ВНУТРЕННЕЙ СИСТЕМЕ<br/>ГАРАНТИИ КАЧЕСТВА</b> |                                                  | 21 из 54 |
| 16                                                                                | Жедел басқару                                                                                                               | Ақпан 2017                                                     | Жетекшілік ететін проректор                      |          |
| 17                                                                                | Білім беру қызметінің маркетинг                                                                                             | Қыркүйек 2017                                                  | Тұтынушылармен байланыс жасау жөніндегі менеджер |          |
| 18                                                                                | Қаржылық жоспарлау                                                                                                          | Ақпан 2017                                                     | Ректор, бас есепші                               |          |
| 19                                                                                | Студенттер контингентін қалыптастыру                                                                                        | Қыркүйек 2017                                                  | Ответственный секретарь приемной комиссии        |          |
| 20                                                                                | Оқу - ұйымдастыру үдерісінің                                                                                                | Қаңтар 2017                                                    | Жетекшілік ететін проректор                      |          |
| 21                                                                                | Оқу-әдістемелік үдерісінің                                                                                                  | Ақпан 2017                                                     |                                                  |          |
| 22                                                                                | Түлектердің еңбек қызметі бойынша коммуникация                                                                              | Сәуір 2017                                                     |                                                  |          |
| 23                                                                                | КП Тәрбие үдерісінің                                                                                                        | Ақпан 2017                                                     | ТЖБ бастығы                                      |          |
| 24                                                                                | Студенттердің ғылыми - зерттеу жұмысының үдерісі                                                                            | Сәуір 2017                                                     | ҒЖжәне ХБ бастығы                                |          |
| 25                                                                                | Қызметкерлерді басқару үдерісі                                                                                              | Қаңтар 2017                                                    | Жалпы мәселелер бойынша басқарма бастығы         |          |
| 26                                                                                | Ақпараттық қамтамасыз ету үдерісі                                                                                           | Қараша 2017                                                    | АКК директоры                                    |          |
| 27                                                                                | Инфрақұрылымды басқару үдерісі                                                                                              | Ақпан 2017                                                     | ӘШЖ бастығы                                      |          |
| 28                                                                                | Халықаралық ынтымақтастық                                                                                                   | Сәуір 2017                                                     | ҒЖжәне ХБ бастығы                                |          |
| 29                                                                                | Институттың автоматтандырылған үдерістерінің техникалық қолдау ПК                                                           | Ақпан 2017                                                     | АТО және ТҚ бастығы                              |          |
| 30                                                                                | Сырттай - қашықтықтан оқыту технологиясының оқу - ұйымдастыру қызметінің ПК                                                 | Ақпан 2017                                                     | Жетекшілік ететін проректор                      |          |
| 31                                                                                | Аккредиттеу агенттіктерінің шкалалар базасында салынған пікіртерім жұмыстарын ұйымдастыру бойынша жұмыс тобын қалыптастыру. | Қыркүйек 2016                                                  | Жетекшілік ететін проректор                      |          |
